



Тайпакова Светлана МаксUTOBна
«А.Тихоненко атындағы орта жалпы білім беретін мектебі»КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҰМЖ бөлімі: «Туған жерім- аялы алтын бесігім»
Сабақ тақырыбы: «Аяз би» Жаманның даналығы(3-сағ)

Оқу мақсаттары:

- 6.1.1.1 Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау
- 6.3.1.1. шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру

Сабақ мақсаттары:

Әдеби шығарманың жанрын, сюжетін ажыратады, кейіпкерлерді өзара салыстыра біледі

Ертегінің фабуласы мен сюжеттік дамуын аша алады, кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, көркемдік ерекшелігін талдай алады.

Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтай алады, шығармадағы кейіпкерлердің тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды

Қазақ әдебиеті пәні, 6-сынып

Белсенді оқу әдістері

« Миға шабуыл» әдісі.

Жаңа сабақ басталар алдында сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбы ашылады

«Үш таяқша» әдісі

Алдыңғы білім. Қырық уәзірдің іштарлығы әр топ 1 сұрақ, 1 идея, 1 жауап береді (Әдеби шығарманың жанрын, сюжетін ажыратады)

«Сұраққа жетіп ал» әдісі

Мәтіннің бір бөлігін оқыту, әр деңгейлі сұрақтар қою. 1-топ Мәтінді оқып, «Жау шапты, ел бүлінді, апат соқты» мағынасын ашып түсіндір. Күлдіреуіш деген не (Әдеби шығарманың жанрын, сюжетін ажыратады, кейіпкерлерді өзара салыстыра біледі)

«Венн диаграммасы

1-топ Қазақ тарихындағы хан мен ертегідегі ханды салыстыр. Тарихи және көркем әдеби құндылығына қарай ерекшеліктерін ажырат. 2- топ Елбасы мен Аяз биді салыстыр. Тарихи ерекшеліктерін көрсет

«Тікелей радиоэфир» әдісі

"Тікелей радиоэфир" әдісі Радио жүргізуші-мұғалім (немесе оқушы) төрт қонақты (оқушыны) және аудиторияны (қалған оқушылар) қарсы алады. Мәтін сюжетіне сәйкес кейіпкерлер баяндайды

Сабақтың басы

Сабақтың ортасы

« Таңдау» әдісі

Сабақтың соңы

Венн диаграммасы

1-топ

•Қағандық хындағы хан мен ертегідегі ханды салыстыр. Тарихи және көркем әдеби құндылығына қарай ерекшеліктерін ажырат

2-топ

•Жауыз және Қызылқазы уәзірлерді салыстыр. Тарихи және көркем әдеби құндылығына қарай ерекшеліктерін ажырат

•Елбасы мен Аяз биді салыстыр. Тарихи құндылығына қарай ерекшеліктерін көрсет.

Критерий кейіпкерлерді өзара салыстырып, талдайды; тарихи және көркемдік құндылығына баға бере біледі.

- *Дескриптор*
- Оқушылар кейіпкелерді өзара салыстырады
- Тарихи және көркемдік құндылығына қарай ерекшеліктерін ажыратады

Венн диаграммасы



Саралау әдістері

Дереккөздер бойынша саралау

Қиын сөздердің мағынасын ашуда дереккөздермен жұмыс істейді, кей оқушылар ресурс, не ғаламтордан дерек пайдалану мүмкін)

Тапсырманы саралау

Сабақ мақсатына сай тапсырмаларды беремін. Қабілеті жоғары оқушыларға қосымша күрделі тапсырма беру. Қиналған оқушыларды үнемі назарымда ұстаймын.

Таңдау бойынша саралау

Оқушылар өзі үшін қызықты, өз мүмкіндігіне сай тапсырманы таңдай алады.

Үй тапсырмасы: Аяз биге хат жазу.

« Мен Жаман болсам...» өлең құрастыру
« Егерде Жаман қазіргі заманда болса, қандай болар еді?» эссе

Диалог және қолдау көрсету

«Ашық микрофон» әдісі

- * Сіздердің бойларыңызда кейіпкерлердің қандай қасиеті бар?
- * Хан мен халық Аяз бидің қандай қасиеттерін бағалайды?
- * Жаманға ұқсағың келе ме? Неліктен?

Нәтиже немесе жауап бойынша саралау

Оқушыларға бірдей тапсырма ұсынылады, түрлі деңгейдегі жауап күтіледі.

«Сұраққа жетіп ал» әдісі

- Дереккөздер бойынша саралау
- Сөздердің мағынасын ашуда дереккөздермен жұмыс істейді, кей оқушылар ғаламтордан дерек пайдалану мүмкін)
- 1-топ Мәтінді оқып, «Жау шапты, ел бүлінді, апат соқты» мағынасын ашып түсіндір. Күлдіреуіш деген не ?
- 2-топ Мәтіннен Хан мен шалдың диалогін тап. Табу сөздер қолданылды ма?Қырық асыранды қаз деген сөзді түсіндір
- 3-топ Мәтіннен Жаманның жауабын тауып, мағынасын ашып түсіндір

Критериалды бағалау

Бағалау критерий:

Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтайды
шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра талдайды
тарихи және көркемдік құндылығына баға бере біледі

Оқу материалының мазмұнына кері байланыс

(Қосу-Азайту-қызықты)-авторы Эдвард де Боно. Өзін-өзі бағалау

Қосу (+) –«Не жақсы?», «Несімен жақсы?».

Азайту (-)–«Несі жаман?» деген сұраққа жауап беретін


«?»–«Несімен қызықты?» деген сұраққа

1 сөйлеммен жауап береді

Сіздердің бойларыңызда кейіпкерлердің қандай қасиеті бар?

* Хан мен халық Аяз бидің қандай қасиеттерін бағалайды?

* Жаманға ұқсағың келе ме? Неліктен?



ҚБ.
Мұғалімнің
бағалауы

«Керемет!»

«Жарайсың!»

Көңіл-күй мен эмоцияны анықтауға кері байланыс

ҚБ. Жұптық бағалау «Гүлмен тілек» әдісі

Жасыл түсі - тапсырмаларды өте жақсы орындады.

Қызыл түсі- көршімнің көмегіне сүйенді.

Сары түсі - дайын кесте үлгісін пайдаланды



Сабақтағы іс-әрекетке кері байланыс

ТБ "Жұлдызшалар" әдісі арқылы топтар өзара бағалайды

Үлкен жұлдызша- тапсырма дұрыс орындалған
Орташа жұлдызша-тапсырма орта деңгейде орындалған.

Кіші жұлдызша- тапсырма төмен деңгейде орындалған.

Рефлексия. «Таңдау»әдісі (Өзін-өзі бағалау)

- 1.Мен үшін сабақболды деп ойлаймын
- 2.Мен басқаларды тыңдадым
- 3.Мен сабақта топта..... қатыстым
- 4.Мен сабақтағы жетістігіме
- 5.Мен сабақта үйрендім

«Сұраққа жетіп ал» әдісі

Дескриптор

1. Бейнетаспаны тыңдай отырып, қосымша мәлімет алады
2. Мәтінді оқып, сөздердің мағынасын ашады
3. Табу сөздерді табады

Өзін-өзі
бағалау

«Қосу» - оң әсер еткен фактілерді, алған білімдері жайлы жазады.
«Азайту» - «қолымнан келмей жатыр» «немесе» түсініксіз болып тұр» деген ойларын жазады.
«Қызықты» деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады, немесе не жайында көбірек білгісі келеді, соны жазады.

+

Қосу

+

азайту

ҚЫЗЫҚТЫ



Ықшам сабақтың сабақты жоспарлауға ықпалы туралы қорытындылар

Ықшамсабақты жоспарлау тәсілдерін құруда қиындық тудырған жағдайлар:

1. Сабақ мақсаттарын SMART мақсатқа сай құру.
2. Дескрипторды түсінікті етіп жазып, ретімен қою.
3. Саралау тәсілдерін тиімді пайдалану

Әріптестер, Тренер

Оқу мақсаттарына сай сабақ мақсаттарын құруды үйрендім.

Дескрипторларды критерийлерге сай қою туралы, саралау тапсырмаларын әр сабақта беріліп отыру туралы ұсыныс білдірді.

Жоспарлау тәжірибесін дамытуда болашақта нені жетілдіремін

<http://smk.edu.kz/> порталы «Жүйелі әдістемелік кешен» сайтында пән бойынша ұсынылған ресурстармен танысып, өз тәжірибемде қолданамын. Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықты үнемі басшылыққа аламын. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолданған сабақтарымды сайттарға жіберіп, тәжірибе алмасамын. Қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмалар жинағын құрып, озық тәжірибемді таратамын.